



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 60 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2014 жылғы 28 тамыз**

**Ұлттық Банк Төрағасы
АҚШ Федерезерв басшысы
Джанет Йелленмен кездесті**

21-23 тамызда Ұлттық Банк Төрағасы Қайрат Келімбетов Джексон Хоулда өткен (АҚШ) жыл сайынғы экономикалық симпозиумге қатысты.

Бұл экономикалық шара аясында Ұлттық банк төрағасы бірқатар кездесулер өткізді, оның ішінде АҚШ Федерезерв басшысы Джанет Йеллен, Түркия Орталық Банкі басқарушысы Эрден Басчы, Англия Банкі басқарушысының орынбасары Беном Броудбентпен кездесті.

Джексон Хоул жыл сайынғы экономикалық симпозиумы 1981 жылдан бастап өткізіледі, өз алаңында орталық банк және қаржы ұйымдары басшылары, белді ғалым-экономистерді жинайды.

Биылғы форумның негізгі тақырыбы – АҚШ еңбек рыногіндегі жағдай мен оның қаржы-несие саясатындағы ықпалы туралы болды.

*Толық ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639,
E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*